

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2025 жылғы «19» ақпандағы
№ ДС-91 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Электромобиль өндірісін дамыту және қажетті инфрақұрылым құру мәселелері жөніндегі депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Электр көліктер үшін зарядтау станциялары инфрақұрылымын және аккумуляторды зарядтау қызметтерін дамыту жөнінде

Қазіргі уақытта елімізде электр көліктерін дамытудың негізгі элементі болып табылатын электромобильдерге арналған зарядтау станцияларының желісі белсенді түрде дамуда. Зарядтау инфрақұрылымының қолжетімділігін дамытуда көліктік логистика, энергетикалық қауіпсіздік және қала құрылысы талаптарын ескере отырып, станцияларды қолданыстағы жол желісіне интеграциялау маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Бүгінде электромобильдердің аккумуляторлық батареяларын зарядтау бойынша қызметтерді 25 заңды тұлға мен 42 жеке кәсіпкер ұсынады.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 27 электрлік автожанармай құю станциясы (*бұдан әрі - ЭАС*) жұмыс істейді, оларды орнату бойынша жұмыстар жалғасуда. 2025 жылы тағы 20 жаңа станцияны пайдалануға беру жоспарлануда, бұл электр көліктерінің иелері үшін зарядтау инфрақұрылымының қолжетімділігін едәуір арттырады.

Бекітілген Ұлттық инфрақұрылымдық жоспарға сәйкес 2029 жылға қарай ЭАС санын 78 бірлікке дейін арттыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы 16 автожанармай құю бекетін салу жоспарланып отыр, оларда қазіргі уақытта ЭАС орнату мәселесі пысықталуда.

Сонымен қатар электромобильдерге жол бойғы сервистік қызмет көрсетуді кеңейту шеңберінде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ ЭАС салуға және пайдалануға жеке инвестициялар тарту бойынша шараларды іске асырады.

Осылайша, ЭАС инфрақұрылымын дамыту саласындағы ынтымақтастық пен даму шеңберінде 2024 жылғы 28 шілдеде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «QazaqEnergyCharge» ЖШС арасында ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы Меморандум жасалды.

Тұтастай алғанда бұл мәселені шешу мемлекеттік қолдауды, энергияны сақтау технологияларын дамытуды және жеке инвесторлар үшін жеңілдіктер жасауды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Электр желілеріндегі жүктемені ұлғайту және авариялық жағдайларға жол бермеу жөніндегі шаралар жөнінде

ЭАС-ты электр желілеріне қосу олардың қауіпсіз және тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін техникалық шарттардың орындалуы кезінде ғана мүмкін. Бұл талаптар артық жүктемелердің, апаттардың және тұрақты жұмыстың алдын алуға бағытталған. Сондықтан, ЭАС-ты бірыңғай электр жүйесіне қосу оның тұрақтылығына қауіп төндірмейді және электр энергиясын тұтынудың күрт өсуіне әкелмейді.

Сонымен қатар бүгінде еліміздің электр энергетикасы инфрақұрылымын жаңғырту мен дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда.

2024 жылы 2024 – 2030 жылдар кезеңіне арналған бірыңғай электр энергетикалық жүйедегі электр энергиясы мен қуаттың болжамды балансы бекітілді. Болжам бойынша 2030 жылға қарай электр энергиясын тұтыну деңгейі 28 484 МВт (2025 жылы – 21 851 МВт болды) болады. Бұл баланс тұтынудың өсуін, жаңартылатын энергия көздерінің енгізілуін және энергия тиімділігінің артуын ескере отырып, жыл сайын қайта қаралады.

Сондай-ақ, ұзақ мерзімді жоспарлау аясында Энергетика министрлігі 2035 жылға дейін электр энергетика саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдады. Осы жоспарға сәйкес, электр станцияларын жаңарту және кеңейту арқылы қосымша 26 ГВт жаңа генерациялық қуат пен 5,6 ГВт қосымша қуат енгізу жоспарлануда, бұл электр көліктерінің санының өсуінен туындаған сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Анықтама үшін: осындай жобалардың қатарында қуаттылығы 325 МВт болатын Ақсу ГРЭС-індегі № 7 блокты салу, Қарағандыдағы № 3 ЖЭО-да қазандық агрегатының құрылысы және турбинаны ауыстыру және «Karabatan Utility Solution» ЖШС-нің бу-газ қондырғысын 310 МВт-тан 620 МВт-қа дейін кеңейту жобалары бар.

Сонымен қатар 2024 жылы «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасы мақұлданды, ол электр энергиясы инфрақұрылымын кеңінен жаңартуды қарастырады. Осы жоба аясында 77 551 км электр желісін жаңарту, сондай-ақ энергетикалық кешен нысандарын қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру жоспарлануда.

Автопилот режимінде жауапкершілік жөнінде

Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Жол қозғалысы конвенциясына сәйкес, қозғалыстағы әрбір көлікте жүргізуші болуы керек. Жүргізуші әрқашан өз көлігін басқара алуы керек, бұл адамның қатысуынсыз толық автономды жүру мүмкіндігін болдырмайды.

Автомобильдерде автопилот режимі іске қосылған кезде жүргізуші жол жүрісі ережелерін сақтауға және автопилотты пайдалану кезінде туындайтын салдарларға толық жауапты болады.

Сондай-ақ, ең жоғары ыңғайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін зарядтау инфрақұрылымын елдің көлік жүйесіне интеграциялау маңызды бағыт болмақ.

Жалпы, зарядтау инфрақұрылымын, станциялар желісін кеңейту және электромобиль иелері үшін олардың қолжетімділігін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Бұл мәселелердің барлығы Үкіметтің бақылауында болады.

Р. Скляр

*Түлеуов Д.
74-55-01*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На депутатский запрос № ДС-91
от 19 февраля 2025 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос по вопросам развития производства электромобилей и создания необходимой инфраструктуры, сообщаю следующее.

Касательно развития инфраструктуры зарядных станций для электромобилей и услуг по зарядке аккумуляторов

В настоящее время в стране активно развивается сеть зарядных станций для электромобилей, что является ключевым элементом развития электротранспорта. Стоит отметить, что в развитии доступности зарядной инфраструктуры важную роль играет интеграция станций в существующую дорожную сеть с учетом требований транспортной логистики, энергетической безопасности и градостроительного планирования.

На сегодня 25 юридических лиц и 42 индивидуальных предпринимателя предоставляют услуги по зарядке аккумуляторных батарей электромобилей.

Вдоль автомобильных дорог республиканского значения функционирует 27 электрозаправочных станций (далее – ЭЗС), работа по их установке продолжается. В 2025 году планируется ввести в эксплуатацию еще 20 новых станций, что значительно повысит доступность зарядной инфраструктуры для владельцев электромобилей.

Согласно утвержденному Национальному инфраструктурному плану, к 2029 году планируется увеличить количество ЭЗС до 78 единиц.

Также в текущем году планируется строительство 16 автозаправочных станций, где на данный момент прорабатывается вопрос установки ЭЗС.

Дополнительно в рамках расширения придорожного сервиса для электромобилей АО «НК «КазАвтоЖол» реализует меры по привлечению частных инвестиций в строительство и эксплуатацию ЭЗС.

Так, в рамках развития и сотрудничества в области развития инфраструктуры ЭЗС, 28 июля 2024 года между АО «НК «КазАвтоЖол» и

ТОО «QazaqEnergyCharge» заключен меморандум о сотрудничестве и взаимодействии.

В целом, решение данного вопроса требует комплексного подхода, включая государственную поддержку, развитие технологий накопления энергии и создание стимулов для частных инвесторов.

Касательно увеличения нагрузки на электрические сети и мер по недопущению аварийных ситуаций

Подключение ЭЭС к электрическим сетям возможно только при выполнении технических условий, гарантирующих их безопасную и стабильную работу. Эти требования направлены на предотвращение перегрузок, аварий и стабильную работу. Поэтому интеграция ЭЭС в единую электроэнергетическую систему не создаст угроз для ее стабильности и не приведет к резкому росту потребления электроэнергии.

Вместе с тем, на сегодня реализуется комплекс мероприятий, направленных на модернизацию и развитие электроэнергетической инфраструктуры страны.

В 2024 году был утвержден прогнозный баланс электроэнергии и мощности в единой электроэнергетической системе на период 2024 – 2030 годов. Согласно прогнозу, к 2030 году уровень электропотребления составит 28 484 МВт (*в 2025 году составляет – 21 851 МВт*). Этот баланс будет ежегодно пересматриваться с учетом роста потребления, внедрения возобновляемых источников энергии и повышения энергоэффективности.

Также в рамках долгосрочного планирования Министерством энергетики принят план мероприятий по развитию электроэнергетической отрасли до 2035 года. В соответствии с данным планом предусматривается ввод дополнительно порядка 26 ГВт новых генерирующих мощностей и дополнительно 5,6 ГВт, за счет проведения реконструкции и расширения действующих электрических станций, что позволит компенсировать возрастающий спрос, в том числе обусловленный ростом количества автомобилей.

Справочно: в числе таких проектов строительство блока №7 на Аксуской ГРЭС мощностью 325 МВт, строительство котлоагрегата и замена турбины на Карагандинской ТЭЦ-3 и расширение парогазовой установки ТОО «Karabatan Utility Solution» с 310 МВт до 620 МВт.

Дополнительно в 2024 году утвержден Национальный проект «Модернизация энергетического и коммунального секторов», который предусматривает масштабное обновление электроэнергетической инфраструктуры. В рамках данного проекта запланирована модернизация 77 551 км электрических сетей, а также проведение работ по реконструкции и техническому перевооружению объектов энергетического комплекса.

Касательно ответственности при включенном режиме автопилота

Согласно Конвенции ООН о дорожном движении, ратифицированной Казахстаном, каждое транспортное средство, находящееся в движении, должно иметь водителя. Водитель обязан всегда находиться в состоянии управлять своим транспортным средством, что исключает возможность полностью автономного движения без участия человека.

При включении режима автопилота в автомобилях водитель несет полную ответственность за соблюдение правил дорожного движения и последствия, возникающие при использовании автопилота.

Важным направлением также станет интеграция зарядной инфраструктуры в транспортную систему страны, чтобы обеспечить максимальное удобство и безопасность.

В целом, ведется активная работа по расширению зарядной инфраструктуры, сети станций и повышению их доступности для владельцев электромобилей.

Все эти вопросы находятся на контроле Правительства.

Р. Скляр